

БОС ҚЫЗМЕТ ОРНЫ ХАБАРЛАМАСЫ VNKAZC00101

БОС ЛАУАЗЫМ: Адами өлшем сарапшысы/кеңесшісі (тізілімге енгізу үшін бос қызмет орны).

ҰЙЫМНЫҢ АТЫ: Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ҚЫЗМЕТ ТҮРІ: Сарапшылар/кеңесшілер

БОС ҚЫЗМЕТ ОРНЫ ХАБАРЛАМАСЫНЫҢ НӨМІРІ:

ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ: Адам құқықтары

ӨТНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ КҮНІ: 2020 жылғы 25 мамыр – Орталық Еуропалық уақыт бойынша сағ. 23:59 (CET / CEST).

Негізгі ақпарат

Бұл бос қызмет туралы хабарландыру нақты тағайындаумен байланысты емес, адам құқықтары мен заңдылықты алға жылжыту саласында терең білімі мен тәжірибесі бар тұлғаларды анықтауға, сондай-ақ ЕҚЫҰ Нұр-Сұлтандағы бағдарламалар офисінің сарапшылары/кеңесшілерінің тізілімін жаңартуға арналғанын ескертеміз. Табысты үміткерлер тиісті біліктіліктеріне сәйкес қажеттілік туындаған жағдайда қызмет көрсету мүмкіндігіне ие болып, тізілімге енгізіледі. Тізілімге енгізу ЕҚЫҰ-ны сарапшы/кеңесші қызметтерін пайдалануға міндеттемейді.

Мандатқа сәйкес Нұр-Сұлтандағы бағдарламалар офисі бірлескен қауіпсіздік бойынша аймақтық кеңістіктегі іс-қимылдарының аясында ЕҚЫҰ барлық үш өлшемдегі қағидаттары мен міндеттемелерін Қазақстанда жүзеге асырылуына қолдау көрсетуде.

Өзінің адами өлшемдегі қызметінің арқасында Офис Қазақстанда адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды күшейтудегі қолдау көрсетуге назар салуда. Қазақстандағы құқық қорғау институттары мен азаматтық қоғамды күшейту маңызды басымдылық болып табылады. Сонымен қатар, Офис ЕҚЫҰ шеңберіндегі қағидаттар мен міндеттемелерге сәйкес реформалауды және халықаралық пен ұлттық заңнаманы іске асыруға көмектеседі. Өзінің заң үстемдігін ілгерілету және демократиялық институттарды нығайтудағы жұмысының шеңберінде Офис Қазақстан өкіметі мен азаматтық қоғамының арасындағы диалогқа септігін тигізуде. Сондай-ақ, Офис үкіметке ұсынылатын заңдарды талдауға және талқылауға көмектесе отырып, қылмыстық сот әділдігі жүйесін реформалауға қолдау көрсетеді. Ол адам саудасымен және тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте, толеранттықты ілгерілетуде және әйел мен ер адамдардың арасында тең мүмкіндіктер жасауда, сондай-ақ БАҚ мәселелерінде көмек көрсетеді.

Тұрақты іс-шаралар аясында және бір реттік жұмыс негізінде ЕҚЫҰ Нұр-Сұлтандағы бағдарламалар офисі қысқа мерзімді тапсырмаларды орындау үшін сыртқы сарапшылар мен кеңесшілердің қызметтерін қажет етеді.

Міндеттер мен тапсырмалар

Адами өлшемдер бөлімі басшысының жалпы жетекшілігімен сарапшы/кеңесші өзінің кеңесі/сараптамасын ұсынады және Адами өлшем бағдарламасы бойынша жобаларды жүзеге асыруға көмектеседі. ЕҚЫҰ, әсіресе, төмендегі тақырыптық бағыттардың ішіндегі біреуінде немесе бірқатарында мол тәжірибесі бар үміткерлерді табуға қызығушылық танытады:

- Азаматтық және саяси құқықтар;
- Адам құқықтары жөніндегі ұлттық институттарды нығайту;
- Демократиялық сайлау;
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар;
- Адам құқықтарын қорғаушылардың қызметі;
- Адам құқықтары туралы білім беру;
- Сандық ақпараттық кеңістіктегі адам құқықтары;
- Әділ сот ісін жүргізу құқығы;
- Дін және/немесе сенім бостандығы;
- Қауымдасу (бірлесу) бостандығы және бейбіт жиналыстар бостандығы құқығы;
- Қозғалу еркіндігі;
- Азаптаулар мен басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазаларды алдын-алу;
- Жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын-алу;
- Адам саудасымен күрес;
- Сот-құқықтық реформасы, оның ішінде судьялар мен қызметтегі заңгерлердің адвокаттардың тәуелсіздігі;
- Пенитенциарлық жүйе реформасы;
- Жастардың, әйелдер мен мүгедектердің саяси және қоғамдық өмірге қатысуы;
- Толеранттықты ілгерілету мен кемсітушілікке жол бермеу;

Қажетті біліктілік

- Сараптамадан өткізу/кеңес беру тақырыбына байланысты саладағы жоғары білімнің бар болуы;
- Кемінде 3 жыл кәсіби тәжірибенің бар болуы;
- Жақсы жазу және таныстыру дағдылары;
- Ұжымдағы, аз бақылаумен немесе өз бетінше жұмыс істеу дағдылары;
- Жазбаша және ауызша қазақ және/немесе орыс тілдерін жетік білу; Ағылшын тілін білу жақсы артықшылық болып есептеледі;
- Шетелде білім алу артықшылық болып есептеледі;
- Компьютерлік сауаттылық;

- Мәдени, гендерлік, этникалық және діни түсіністік;
- ЕҚЫҰ құндылықтары мен міндеттемелеріне адалдық;
- Халықаралық ұйымдармен, атап айтқанда, ЕҚЫҰ-мен жұмыс тәжірибесінің бар болуы артықшылық боп есептеледі;
- Мемлекеттік және/немесе үкіметтік емес сектордағы жұмыс тәжірибесі артықшылық болып есептеледі;
- Тиісті салалардағы кәсіби куәліктердің болуы артықшылық болып есептеледі;
- Академиялық немесе қоғамдық-саяси тақырыптардағы жарияланымдардың бар болуы артықшылық болып есептеледі.

Сыйақы

Көрсетілген қызметтер үшін төлем таңдалған кеңесші/сарапшының біліктілігі мен тәжірибесіне және ЕҚЫҰ-да белгіленген кеңесшілер сыйақысының мөлшерлемесіне сәйкес тағайындалады.

Өтінімдерді қалай беруге болады

Егер сіз осы лауазымға өтінім бергіңіз келсе, ЕҚЫҰ-ның <https://jobs.osce.org/vacancies/expertconsultant-roster-vacancy-announcement-human-dimension-vnkazc00101> мекен-жайы бойынша желідегі сілтемесін қолданыңыз. Нысандарды ағылшын тілінде толтыра алмайтын, бірақ тиісті білімі бар үміткерлер ЕҚЫҰ-ның <https://jobs.osce.org/resources/document/offline-application-form> сілтемесінде орналасқан орыс немесе қазақ тілдеріндегі дербес (офлайн) нысанын қолдана алады. Бос қызмет орнының атауы мен тиісті хабарламаның нөмірін көрсетіп, толтырылған дербес (офлайн) нысанды мен оған қосымша уәждемелік хатты Recruitment.POiN@osce.org электронды поштасына жіберіңіз. Көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен өтініштер қаралмайды.

ЕҚЫҰ бос қызмет орны туралы хабарламаны қайта жариялауға, жұмысқа қабылдаудан бас тартуға, төмен санаттағы және жұмысы өзгертілген сипаттағы, немесе басқа ұзақтығы бар лауазымды ұсынуға құқылы.

Іріктеудің келесі кезеңдеріне қатысу үшін таңдалған үміткерлер ғана хабарланады.

Осы бос орынға қатысты байқауға тек Қазақстан Республикасының азаматтары ғана қатыса алатынына назар аударыңыз.

ЕҚЫҰ қызметкерлердің алуан түрлілігі мен ынталануын қолдайды және діни, этникалық немесе әлеуметтік тегіне қарамастан білікті әйел мен ер адамдарды өтінім беруге шақырады.

ЕҚЫҰ өтінім беру және оны қарастырудың кез келген кезеңінде төлем сұрамайтынына назар аударуыңызды сұраймыз.